2022-2023 оқу жылы
№ 3 хаттама

5 қаңтар 2023 ж

Қатысқаны:
Назарбекова С.А.
Смаилова С.Қ.
Сергазы Ж.
Кункенов С. С.
Хужин А.Н.
Мухитова Н.Б.
Рақыш Қ.Н.
Канафина Г.Ж.
Хауай Р.
Дукенбаева Н.Е.
Акишев К.Қ.
Асқар Е.
Ажыхан Е.
Дүйсенбаева Л.
Дүйсенбаев М.Т.
Кокумбаев К.Е.
Хожабай Б.
Сайлаухан Б.
Байгабыл Т.
Табиғатқызы Т.
Альмагамбетова С.Ж.
Жагипарова С.Т.
Кабдышева А.Қ.
Кункенова М.Н.
Умурзакова Г.К.
Ракыш Б.К.
Шамшитова Ш.А.
Кункенова Г.А.
Алеш А.
Асылбек А.
Естай А.
Шайкенова Н.Р.
Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібі:**

1. Білім сапасы мектеп қызметінің басты көрсеткіші.

2. ІІ тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.

3. Пәндер бойынша оқушылардың олимпиадаға қатысқан нәтижесін талдау.

4. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары.

5. «Білімді ұлт сапалы білім беру» Ұлттық жобасы.

6. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімнің орындалуы.

1 сұрақ: Білім сапасы мектеп қызметінің басты көрсеткіші.

Сөйледі: Назарбекова С.А., пән мұғалімдері

Білім сапасы дегеніміз – мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік.

Сапалы білім тәрбие беруде орын алған кемшіліктерді жойып дүние жүзілік өркениеттілікке жету XXI ғасырдын үлесіне тиіп отыр. Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық практикалық іске, еңбекке баулу дүниетанымын кеңейту. Баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- тағамы бар адамгершілігі жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Балалардың білім сапасын арттыруда мұғалім бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауы т.б. қадағалап, балалар мен жеке, дара жұмыстар жүргізеді. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет –ақ. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әртүрлі кедергі жасайтыны белгілі. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сын тұрғысынан ойлау — өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балармен пікірлесу, топтасу. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Жас балалардың да бұл жұмысы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

**Хуат Армангүл, бастауыш сынып мұғалімі:**

Бастауыш сыныптарда қолданылатын тағы да бірқатар тәсілдер:

- Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылым;
- Қарым-қатынас жаттығуларын пайдалану;
- Проблема шешу мақсатында жеке және топта жұмыс істеу;
- Орындау арқылы білім алу (әрекет ету арқылы);
- Ашық сұрақтарды пайдалану;
- Дәлел ұсынуға ынталандыру;
- Зерттеу барысында бірлесіп жұмыс істеу;
- Зерттеуге негізделген оқу, оның барысында оқушылар мәселені жеке өздері зерделейді.

**Мухитова Н.Б., ағылшын тілі пәнінің мұғалімі:**

Балалардың білім сапасын арттыруда мұғалім бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауы т.б. қадағалап, балалар мен жеке, дара жұмыстар жүргізеді.

Балаларға сапалы білім берудің жан-жақты амал-әдістерінің ғылыми негіздерін ашу. Сапалы білім берудегі ата-ана рөліне, ұстаз еңбегіне, бала денсаулығы қоршаған орта әсеріне жан-жақты талдау жүргізу. Білім сапасын жетілдірудегі жаңа технология негіздеріне тоқтала отырып, пайдасын, әсерін нақты мысалдармен дәлелдеу.

Жұмыстың міндеттері:

- балалардың шығармашылық тілін дамыту әдістемесі
- балаларды сөйлету әрекеті арқылы тілін дамыту;
- балалардың тілдерін түрлі әдіс -тәсілдер арқылы жетілдіру;
- көркем сөз, көркем ой арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету;

**Қаулы етті:**

1. Оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыру.
2. Қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығын дамыту.
3. Қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу.

4. Оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізу.
5. Қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандыру.

2 сұрақ: II тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
Смаилова С.Қ.

**2022-2023 оқу жылының 2 тоқсан бойынша сыныптардың білім сапасының мониторингі**

| Сынып | Оқушы саны | Үздік оқушылар саны | Жақсы оқитын оқушылар саны | Білім сапасы | 1 тоқсанмен салыстырмалы түрде |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 А | 22 | | | | |
| 1 Б | 4 | | | | |
| 2 А | 28 | 4 | 11 | 53 | +3 |
| 2 Б | 9 | 3 | 2 | 55 | - |
| 3 А | 29 | 7 | 11 | 62 | +7 |
| 4 А | 23 | 2 | 11 | 56 | +2 |
| 4 Б | 5 | 0 | 4 | 80 | +20 |
| **Бастауыш буын** | **120** | **16** | **39** | **58** | **+5** |
| 5 А | 19 | 5 | 7 | 63 | - |
| 5 Б | 5 | 3 | 1 | 80 | - |
| 6 А | 22 | 4 | 8 | 54 | -6 |
| 6 Б | 6 | 1 | 4 | 83 | +1 |
| 7 А | 23 | 3 | 7 | 43 | - |
| 7 Б | 8 | 1 | 3 | 50 | +25 |
| 8 А | 18 | 2 | 7 | 50 | -5 |
| 9 А | 15 | 1 | 6 | 46 | - |
| 9 Б | 5 | 0 | 3 | 60 | - |
| **Орта буын** | **121** | **20** | **46** | **54** | **-1** |
| 10 А | 14 | 0 | 8 | 57 | - |
| 11 А | 8 | 0 | 3 | 37 | +4 |
| **Жоғары буын** | **22** | **0** | **11** | **50** | **+3** |
| **Жалпы мектеп** | **263** | **36** | **96** | **55,7** | **+1,8** |

Жалпы бірлестік бойынша білім сапалары

ЕМЦ

| ПӘН | 1 тоқсан, 2022 | 2 тоқсан |
|---|---|---|
| математика | 86 | 84 |
| алгебра | 58,7 | 54 |
| геометрия | 60 | 55 |
| биология | 61 | 68 |
| география | 66 | 69 |
| жаратылыстану | 92 | 91 |
| информатика | 57 | 76 |
| физика | 61 | 65 |
| химия | 55 | 62 |
| ЖАЛПЫ | 66,3 | 69,33333 |

ГЦ

| ПӘН | 1 тоқсан, 2022 | 2 тоқсан |
|---|---|---|
| қазақ тілі | 62,8 | 64 |
| қазақ әдебиеті | 65 | 68 |
| қазақ тілі мен әдебиеті | 73 | 74 |
| орыс тілі | 81 | 81 |
| орыс әдебиеті | 80 | 84 |
| орыс тілі мен әдебиеті | 61 | 70 |
| ағылшын тілі | 67,5 | 74 |
| Қазақстан тарихы | 67 | 71 |
| Дүниежүзі тарихы | | 70 |
| Құқық негіздері | | 68 |
| ЖАЛПЫ | 69,6625 | 72,4 |

Нач кл

| ПӘн | 1 тоқсан, 2022 | 2 тоқсан |
|---|---|---|
| қазақ тілі | 69 | 70 |
| әдеб.оқу | 63 | 68 |
| матем | 68,8 | 70 |
| орыс тілі | 60,6 | 67 |
| ағылшын | 72,8 | 78 |
| жаратылыстану | 80 | 85 |
| дүниетану | | 94 |
| ЖАЛПЫ | 69,03333333 | 76 |

Қазыбек би 335 жыл

1 желтоқсан СПИД пен күрес күніне орай өткізілген іс-шаралар.

Диалог алаңы. «Қауіпсіз мінез-құлық, өзімізден бастайық».

Педагогикалық кеңестердің қарауына келесі мәселелерді енгізу«оқушылар арасында жарақаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алу, ескерту бойынша дене шынықтыру,АӘД, химия,физика,технология мұғалімдерінің жұмысы туралы».

«Халықаралық темекіден бас тарту күні».

5, 7, 9 сынып оқушыларының диагностикасы әр түрлі жастағы балалардың салауатты өмір салтына деген білімі мен қатынасын анықтау.

Отбасындағы баланың қауіпсіздігі туралы директор жанындағы кеңесте баяндама оқылып , ата-аналарға жадынама таратылып, ата-аналар жиналыстары өткізілді.

Балаларға қатысты қатыгездіктің алдын алу мақсатында ата – аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды ұйымдастыру бойынша жұмыс.

https://www.instagram.com/p/CmF-BNlIfxN/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/p/CmIgSRzIKxp/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/p/CmJTn4EN-HO/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/p/CmLqu9vN1jL/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

ЖИТС-тің жұғу көздері және жұғу жолдары.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары мен қылмыстарының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/Cm6i3ZvtBX6/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

**Қаулы етті:**

1. Оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыру.
2. Іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығын, танымдылығын дамыту.
3. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау.
4. Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту.
5. Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту.

3 сұрақ: Пәндер бойынша оқушылардың олимпиадаға қатысқан нәтижесін талдау.

Смаилова С.Қ.

7,8 сыныптардың пәндік олимпиадасы желтоқсан айында өткізілді. Қорытындысы:

| № | пән | Қатысушы саны | Жүлдегерлер | Аудандық олимпиадағ қатысушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан тарихы | 8 | 1 орын: Бапар Ж.<br>3 орын: Ажыхан Н. Темірбай Д., Тилеубек Д., Чижков Р., Асхат Б., Сайлаухан Д. | Бапар Ж. |
| 2 | Ағылшын тілі | 7 | 1 орын: Ажыхан Н., Жеңісбек Б.<br>2 орын: Асхат Б., Дүйсенбекұлы М. | Ажыхан Н., Жеңісбек Б. |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 5 | 1 орын: Жантуарова Д.<br>2 орын: Оразова А., Тилеубек Д.<br>3 орын: Кабкен А., Унайбеков Е. | Жантуарова Д. |
| 4 | Қазақ тілі | 5 | 1 орын: Тилеубек Д., Асқат Б.<br>2 орын: Ажыхан Н., Дүйсен Д.<br>3 орын: Алпыс І. | Тилеубек Д., Асқат Б. |
| 5 | География | 6 | 1 орын: Дүйсен Д.<br>2 орын: Тилеубек Д.<br>3 орын: Ғарыш Н. | Дүйсен Д. |
| 6 | Физика | 5 | 2 орын: Ажыхан Н.<br>3 орын: Дүйсен Д., Мәдинбек Ж. | - |
| 7 | Биология | 2 | 3 орын: Жеңісбекқызы Б. | - |
| 8 | Химия | 2 | 1 орын: Сайлаухан Д.,<br>2орын: Асқат Б. | Сайлаухан Д. |
| 9 | Информатика | 3 | 1 орын: Дүйсенбекұлы М.<br>2 орын: Алпыс І.<br>3 орын: Асқат Б. | Дүйсенбекұлы М. |
| 10 | математика | 6 | 1 орын: Баделбек С. | Баделбек С. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 2 орын: Ажыхан Н., Асқат Б., 3 орын: Жантуарова Д., Сайлаухан Д. | |

5,6 сыныптардың пәндік олимпиадасы қараша айында өткізілді. Қорытындысы:

| № | пән | Қатысушы саны | Жүлдегерлер | Аудандық олимпиадағ қатысушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан тарихы | 10 | 2 орын: Белан Э. 3 орын: Таранова К. | - |
| 2 | Жаратылыстану | 4 | 1 орын: Мауленбек Ш. 2 орын: Хожабай Н., Шошанова С., 3 орын: Тұрғын А. | Мауленбек Ш. |
| 3 | Орыс тілі | 5 | 1 орын: Валтер И. 2 орын: Чухнова В., Белан Э. 3 орын: Утегенова А., Таранова К. | Валтер И. |
| 4 | Қазақ тілі | 5 | 1 орын: Шошанова С. Тұрғын А. 2 орын: Альмагамбетова С., Ұшқын М. 3 орын: Сламбек Д. | Шошанова С. Тұрғын А. |
| 5 | Математика | 14 | 2 орын: Тұрғын А., Белан Э. 3 орын: Засыпкин П. Пеннер З., Валтер И. | - |
| 6 | Ағылшын тілі | 17 | 1 орын: Утегенова А., Шошанова С., Тилеубек Д., Белан Э. 2 орын: Пеннер З., Таранова К. 3 орын: Валтер И. | Утегенова А., Шошанова С., |

9-11 сыныптардың пәндік олимпиадасы қараша айында өткізілді. Қорытындысы:

| № | пән | Қатысушы саны | Жүлдегерлер | Аудандық олимпиадағ қатысушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | География | 3 | 2 орын: Қажың А. 3 орын: Махметова А. | - |
| 2 | Қазақ тілі | 3 | 2 орын: Хожабай Ж. 3 орын: Дүйсен Д., Ермекбаева Ж. | - |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 5 | 2 орын: Өмірұзақ Ж. 3 орын: Оразова С. | - |
| 4 | Химия | 4 | 3 орын: Қуанбек А. | - |
| 5 | Қазақстан тарихы | 2 | - | - |
| 6 | Биология | 6 | 3 орын: Арғынбек Ж., Жантуарова М. - | - |
| 7 | Ағылшын тілі | 8 | 1 орын: Өмірұзақ Ж. | Өмірұзақ Ж. |
| 8 | Математика | 2 | 1 орын: Хожабай Ж. | Хожабай Ж. |

**Қаулы етті:**

1. Оқушылардың оқу–танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету.
2. Ғылымға деген қызығушылығын дамыту.
3. Оқушыларды аудандық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға дайындықтарын пысықтау.

4 сұрақ: Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары.

Сөйледі: Смаилова С.Қ.

**Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:**

педагогтер үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

3) ПББ және эссе жазу (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда);

Біліктілік бағалауын өткізу тәртібі

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібі

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі

Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

Педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру тәртібі

ПББ өткізу тәртібі ПББ өткізу тәртібі

Эссе жазу тәртібі

Смаилова С.Қ. слайд арқылы барлық бөлімдермен таныстырып шықты.

**Қаулы етті:**

1. Әр педагог педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен тағы танысып шықсын.
2. Біліктілік санаты – осы Қағидалармен айқындалатын біліктілік талаптарына сай келетін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.
3. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттыру – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен оқыту мен сабақ беру сапасын арттыру үшін кәсіби білімін, іскерлігін, дағдыларын және құзыреттілігін жаңартуға, сондай-ақ бұрын алғандарын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік берсін.

5 сұрақ: «Білімді ұлт сапалы білім беру» Ұлттық жобасы. Назарбекова С.А.

«Ұлттық жобада балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін мектеп салу, қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру және т. б. мәселелер жалғасын тапты.

Ұлттық жоба сапалы білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Ұлттық жоба әзірлеу барысында қоғам өкілдерімен, білім беру саласындағы сарапшылармен талқыланып, барлық мүдделі мемлекеттік органмен пысықталды», делінген хабарламада.

Министрліктің түсіндіруінше, ұлттық жоба бес міндеттен құралған төрт бағыттан тұрады.

**Бірінші міндет** – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі және сапасын қамтамасыз ету. Осы міндетті орындау үшін «ақша баламен бірге жүреді» қағидаты бойынша ваучерлік қаржыландыру жолымен мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Нәтижесінде 2025 жылға қарай 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 95%-ға, 3 жастан 6 жасқа дейін 100%-ға жетеді.
Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында барлық мектепке дейінгі ұйымда бала дамуының жаңа моделі енгізіледі.

«Ойын арқылы оқыту» қағидаты негізінде мемлекеттік стандарт өзгертілетін болады.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының **екінші міндеті** – орта білім беру сапасын арттыру. Атап айтқанда, өңірлер, қалалық және ауылдық мектептер (PISA) арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту. Ұлттық жоба аясында оқушылардың білім сапасындағы алшақтықты азайту бойынша кешенді шаралар қабылданатын болады. Жоба шеңберінде 12 жылдық оқытуға көшу жоспарланып отыр. Биылдан бастап қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырыс орналастыру жоспарлануда. Бұл процесс конкурстық негізде және жеке ұйымдарда өтеді.
**Үшінші міндет** – мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету. Оқушы орындарының тапшылығын қысқарту үшін 2025 жылға қарай 1000 мектеп салу жоспарланған. Нәтижесінде үш ауысымды мектептер жойылып, апатты мектептер үлесі 0,1%-ға дейін қысқартылады деп күтілуде. 2025 жылға қарай шағын қалаларда, аудан орталықтарында, ауылдарда 5000 мектеп модернизацияланып, балаларды оқыту үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасалатын болады.
**Төртінші міндет** – қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету. 2025 жылға қарай жастардың 100%-ы қажетті мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етілетін болады. Қамтуды ұлғайту нәтижесінде NEET санатындағы жастар үлесінің төмендеуі күтілуде.
**Бесінші міндет** – қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Ұлттық жоба шеңберінде Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 20 академиялық артықшылық орталығы (15 өңірлік және 5 педагогикалық ЖОО) және 2 озық ЖОО құрылатын болады. Сонымен қатар 2025 жылдың соңына дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 5 филиалын ашу жоспарлануда, бұл жастардың елден кетуін қысқартуға мүмкіндік береді.
«Ұлттық жобада балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін мектеп салу, қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру және т. б. мәселелер жалғасын тапты.

Ұлттық жоба сапалы білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Ұлттық жоба әзірлеу барысында қоғам өкілдерімен, білім беру саласындағы сарапшылармен талқыланып, барлық мүдделі мемлекеттік органмен пысықталды», делінген хабарламада.

Мектеп директоры мектептің Ұлттық жобасымен таныстырды.

**«Білімді ұлт «сапалы білім беру»**
**ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ**
**Ерейментау ауданы**

**Паспорт**

| | |
|---|---|
| **Атауы** | «Білімді ұлт «сапалы білім беру» ұлттық жобасы |
| **Ұлттық жобаның әзірлеу мақсаты** | Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру |
| **Іске асыру мерзімі** | 2021 – 2025 жылдар |
| **Жобаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган** | «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ |

| | |
|---|---|
| **Жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар** | «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ |
| **Міндеттері** | 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.<br>2.Қалалық және ауылдық мектептер, өңірлер, білім алушылар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту.<br>3.Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету. |
| **Күтілетін әлеуметтік әсер (сапалық және / немесе сандық түрде)** | 1. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту – 90,5 %, 3 жастан 6 жасқа дейін - 100 %.<br>2. PISA (экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі-ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі 15 жастағы қазақстандық оқушылардың нәтижелері математика - 75 балл, оқу - 75 балл, жаратылыстану - 75 балл. |
| **Қаржыландыру көздері мен көлемі** | Жобаны іске асыруға 2021 - 2025 жылдары 60,056 млрд. теңге (республикалық бюджет (бұдан әрі - РБ) – 2,5 млрд. теңге, жергілікті бюджет (бұдан әрі - ЖБ) – 57,556 млрд. теңге мөлшерінде бюджет қаражаты бағытталатын болады, оның ішінде:<br>2021 жыл-4,32 млрд теңге<br>2022 жыл-4,33 млрд теңге<br>2023 жыл-4,34 млрд теңге<br>2024 жыл-4,35 млрд теңге<br>2025 жыл-4,36 млрд теңге<br>сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да құралдар. |

Жобаны қаржыландыру көлемі республикалық және жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің мүмкіндігін негізге ала отырып және басқа да баламалы көздерді тарта отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады.

## ЕРЕЙМЕНТАУ БОЙЫНША 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ДЕКОМПОЗИЦИЯСЫ

| № ЖОБА | пункт НП, ПРО, ДКНОРК | Атауы | Жауапты орындаушылар | Деңгей | Өлшем бірлігі | Факт 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

| "БІЛІМДІ ҰЛТ" САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ " ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Бағыты. Орта білім | | | | | | | | | | | |
| 2-міндет. Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері (PISA)арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту | | | | | | | | | | | |
| Жоба №3 | 3 НП КО | Балаларды қосымша біліммен қамту | Білім бөлімі | аудан | % | | 74,40% | 77,10% | 77,50% | 79,40% | 80% |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | 74,40% | 77,10% | 77,50% | 79,40% | 80% |

| ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. Мақсаты "САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ" ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҒЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ | | | | | | | | | | | |
| Жоба №4 | 6 НП КО | Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жаңғыртылған мектептер саны | Білім бөлімі | аудан | бірлік | | 5 | 4 | 4 | 5 | 5 |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | | 1 | | | |

| "БІЛІМДІ ҰЛТ" САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ " ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Бағыты Орта білім | | | | | | | | | | | |
| 3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету | | | | | | | | | | | |
| Жоба №5 | 5 НП КО | Физика, химия, биология, STEAM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі | Білім бөлімі | аудан | % | | 62,20% | 73,90 % | 73,90 % | 82,60 % | 100 % |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | 62,20% | 73,90 % | 73,90 % | 82,60 % | 100 % |
| "БІЛІМДІ ҰЛТ" САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ " ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
| Бағыты Орта білім | | | | | | | | | | | |
| 3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету | | | | | | | | | | | |
| Жоба №6 | 8 НП КО | Ауыз судың базалық көздерімен, бөлек минималды жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз | Білім бөлімі | аудан | % | | 84,60% | 88,50 % | 100 % | 100 % | 100 % |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | етілген мектептердің үлесі | | | | | | | | |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | 100 % | 100% | 100% | 100 % | 100 % |
| "БІЛІМДІ ҰЛТ" САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ " ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
| Бағыты Орта білім | | | | | | | | | | | |
| 3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету | | | | | | | | | | | |
| Жоба №7 | 9 НП КО | Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту | Білім бөлімі | аудан | % | | 51,10% | 52,60 % | 61,40 % | 84,10% | 100 % |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | 51,10% | 52,60 % | 61,40 % | 84,10% | 100 % |
| ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ КӨРСЕТКШТЕРІ «ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» | | | | | | | | | | | |
| 1. Бағыты Құндылықтарды насихаттау «Рухани жаңғыру» және мемлекеттік тілді дамыту | | | | | | | | | | | |
| 1-міндет. Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту | | | | | | | | | | | |
| Жоба №8 | 2 НП ҰРЖ | Мектеп жасындағы балаларды мәдени тәрбиемен қамту | Білім бөлімі | аудан | % | | 20 % | 40 % | 60 % | 80 % | 100 % |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | 20 % | 40 % | 60 % | 80 % | 100 % |
| "ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН" ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
| 4.Бағыты Экология болашағы | | | | | | | | | | | |
| 1-міндет. Экологиялық аспектілерді білім беру жүйесіне интеграциялау | | | | | | | | | | | |
| Жоба №8 | 17 НП ЗК | Орта мектеп бағдарламасында оқушыларды" Экология " курсымен қамту (6-сынып) | Білім бөлімі | аудан | % | | 10 % | 20 % | 30 % | 40 % | 50% |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | 10 % | 20 % | 30 % | 40 % | 50% |
| "ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН" ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | | | | | | | | |
| 4. Бағыты. Экология болашағы | | | | | | | | | | | |

| 1-міндет. Экологиялық аспектілерді білім беру жүйесіне интеграциялау | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жоба №9 | 18 НПЗК | Оқушылардың үздік жасыл тәжірибелер мен технологияларға қолжетімділігін қамтамасыз ету (қосымша білім беру) | Білім бөлімі | аудан | % | | - | 10 % | 20 % | 30 % | 50% |
| | | ООШ аула Олжабая | мектеп | ауыл | | | - | 10 % | 20 % | 30 % | 50% |

**Қаулы етті:**

1. Ұлттық жобамен барлық педагогтар тереңірек танысып шықсын.
2. Ұлттық жобаны орындауда әр қызметкер үздіксіз жұмыс атқарсын.

6. Ағымдағы мәселелер:
   - Пән бойынша курстық дайындықтар
   - Мектепішілік іс- шаралар
   - Түрлі деңгейдегі олимпиадалар
   - Нормативтік құжаттар
   - Оқушылардың қауіпсіздік шаралары
   - Педагогтардың аттестациясы
   - Сенім телефоны
   - Мектеп 2023 жылы 2 этаптан тұратын күрделі жөндеуден өтеді.

   Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер орындалды. Бірақ жұмысты жалғастыруды қатаң бақылауға алу.

Төрайымы: Назарбекова С.А.
Хатшы. Табиғатқызы Т.